

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы №1 хаттама

Күні: 09.09.2025 ж.

Қатысқандар: 29

Күн тәртібінде:

Кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрлігінің "Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" 2020 ж. 11.05. №190 бұйрығын түсіндіру.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерін бөлу. 2025 күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысында Кеңестің төрағасы сөз алды.

I. Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес төрайымы Үтегенова Н.К. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 11.05.2020 ж. №190 бұйрығына сәйкес педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің негізгі міндеттері туралы айтып берді.

Мақсаты:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау.

Педагогикалық этиканың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

1. Ар-ождан тазалығы:

Педагогтың ар-ождан тазалығы оның оқыту мен тәрбиелеу жұмысының нәтижесіне деген жауапкершілігін, іс-әрекетіне түзетулер енгізіп, өз-өзін басқару алу қабілеттілігін, сын және оны дұрыс қабылдай білу қабілетін, кез-келген пікірге, студенттер мен оқушыларға, және ата-аналарына (заңды өкілдеріне), әріптестеріне арналған ашықтығын білдіреді.

2. Адалдық:

Педагогтың адалдығы оның бағалау қызметінің ашықтығын, өзі құрған білім беру ортасының ашықтығын білдіреді. Адалдық мұғалімге студенттер мен оқушылардың, олардың ата-аналарының (заңды өкілдері), әріптестерінің құқықтарын бұзуға тыйым салады.

3. Жеке адамның ар-намысы мен тазалығын құрметтеу:

Мұғалім студенттер мен оқушылардың, олардың ата-аналарының (заңды өкілдері) өзара қарым-қатынаста әдептіліктің объектісі болып табылады, адамдардың ар-намысын мен қадір-қасиетін құрметтейді. Ол баланың дамуына шын жүректен тілек білдіреді, әрдайым оған көмекке келуге дайын, жеке өсудің дамуына ықпал ету үшін байыптылықты сақтайды.

Оқу процесінің қатысушыларына қатысты физикалық, моральдық және психологиялық қысым көрсету әдістерін қолдануға жол берілмейді.

4. Патриотизм:

Мұғалім өз Отанын — Қазақстан Республикасын, тарихын, дәстүрлер мен тілін қадірлейді, отансүйгіштікпен қарайды. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтайды, студенттер мен оқушыларға осы қасиеттерді жеткізеді. жалпымәдени құндылықтар мен төзімділікті құрметтеу:

5. Жалпымәдени құндылықтарды құрметтеу басымдылығын мойындай отырып, мұғалім әр ұлттың мәдениетін, дәстүрін, ерекшеліктерін, құндылықтарын, мен қадір-қасиеттерін құрметтейді.

Мұғалімнің толеранттылығы дегеніміз — студенттер мен оқушыларға, олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне), олардың әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік мәртебесіне, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, мәдениетіне, нанымына, туған және тұратын жеріне қарамастан тең қарау.

Мұғалім мектеп ұжымында сенім мен сыйластық ахуалын құруға өз үлесін қосады. кәсіби ынтымақтастық:

Мұғалім әрдайым өз кәсібінің беделін ойлайды, әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді, кәсібінің беделіне нұқсан келтіруге жол бермейді. Әріптестеріне сенімсіздік танытуға, кәсіби міндеттерін орындауда кедергі келтіруге жол берілмейді. Педагог әріптестеріне теориялық және әдістемелік шеберлігін көтеруге көмектеседі.

7. Үздіксіз кәсіби даму:

Оқытушы өзін кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіріп отырады.

II. Екінші мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің барлық мүшелері өз міндеттерімен танысты.

Кеңестің негізгі міндеттері: 1. Педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;

2. Білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсарту;

3. Педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мәліметтер жинау;

4. Педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау;

Кеңес өз отырыстарында педагогтер мен қаралатын мәселелерге қатысы бар тұлғаларды тыңдайды;

Тиісті ұсыныстар енгізеді және еңбек тәртібін нығайту шараларын ұсынады;

Тараптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Үшінші мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің 2025 күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспары ұсынылды.

Сөйлеушілер:

№12 “Инжугүл” бөбекжай-балабақша меңгерушісі Б.Ж.Жетесова балабақша ұжымына сипаттама беріп, мониторинг жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Ардагер - ұстаз Акмолдина шамсия Максutowна жанжалдардың алдын алу мен психологиялық кеңес беру жұмысының рөлі туралы айтты.

Кеңестің шешімі:

ҚР Білім және ғылым министрлігінің "Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттері тыңдалып, жұмыс барысында ескерілсін.

2025 күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспары басшылыққа алынсын.

Төрайымы:

Хатшы:

